

Д.Ұ. Хамидуллина^{1*}, Ғ.М. Әлжанов¹, Е.Б. Насипуллаев¹, Э.М. Махметова¹

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы

*e-mail: d.khamidullina@asu.edu.kz

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫНАН ТАБЫЛҒАН ЖӘДІГЕРЛЕР МОТИВТЕРІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ

Андатпа

Мақалада Ортағасырлық Сарайшық бұйымдарын қайта жаңғырту жұмыстары туралы баяндалады. Қазақ халқының тарихын қайта жаңдандыру, мәдени мұра ескерткіштеріндегі ою-өрнектерді жаңа мотивте қайта жаңдандыру болып табылады. Тарихи қолөнер бұйымдарын заманауи этно-дизайн арқылы жаңғырту ғалымдар еңбектерде белгілі-бір дәрежеде көрініс тапқан. Мақалада Алтын Орда мемлекетінің ортағасырлық қаласы Сарайшық қаласынан археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлер мен бұйымдарды қайта жаңғыртуға бағытталған іс-шаралар туралы жазылған. Сонымен қатар тарихи-мәдени мұра объектілерін ғылыми зерттеу, зерделеу, жаңғырту, қайта құру және олардың бүгінгі өткен күнмен сәйкестендіру құралы ретінде сақталуын, халық өнерінің жинақталған көркемдік тәжірибесінің сабақтастығын қамтамасыз ету мәселесін қамтиды.

Мақала мақсаты - қазақтың ұлттық киімдері мен қолөнерінің тарихи дамуын, олардың заманауи дизайндағы қолданылуын, сондай-ақ, мәдениет пен дизайнның өзара әрекеттесуін зерттеу. Қолөнер бұйымдары мен мотивтерін жаңғырту - халықтың рухани азығы, оның өмірдегі тіршілігінің айнасы. Қолөнер халықтың өткен тарихы мен қазіргі дамуын сипаттайды. Халық өнерінің ерекше түрі ретінде ұлттық мәдениеттің адамгершілік мұраттарын сақтай отырып, ұжымдық және жеке көркем шығармашылықта, қолмен және механикаландырылған өндірісте бірегей тәжірибе жинақталды.

Өлке тарихына арналған еңбектер, соның ішінде Сарайшық қаласы туралы зерттеулер талданған. Ортағасырлық қолөнер дәстүрлері мен заманауи технологияларды үйлестіре отырып, ұлттық нақыштағы жаңа бұйымдарды жасаудың мүмкіндіктері зерттеледі. Жаңа көзқарас негізінде жазылған мақалада соңғы жылдардағы монографиялық зерттеулер, құжаттар жинақтары пайдаланылды.

Негізгі сөздер: Этнодизайн, Сарайшық, қолөнер, қайта жаңғырту, Алтын Орда, мәдениет, өнер

Кіріспе

Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнері – мәдениет пен тарихтың шынайы айнасы, халықтың өмір салтын, негізгі дүниетанымын, эстетикалық талғамы мен шеберлігін көрсететін маңызды нақты элементтер. Жалпы бұл киімдер мен қолөнер туындылары осы күнделікті қажеттіліктерді қанағаттандыруға ғана емес, сонымен қатар, мерекелік, діни, рәсімдік мақсаттарда қолданылғанын көрсетеді. Қазақ елінің көшпелі өмір салтына ғана байланысты, олардың киімдері мен қолөнер өнімдері негізінен табиғат жағдайына бейімделген, өте әдемі және функционалды болып келеді.

Қазақтың ұлттық киімдері бұл түрлі аймақтарда әр түрлі өзгеше болып, материалдардың, түстердің, ою-өрнектердің әр түрлілігімен сипатталады, сонымен олар халықтың рухани кодын, эстетикалық түсініктерін және өмірлік философиясын білдіреді. Қолөнер – киімдер, кілемдер, зергерлік өнімдер, ағаш және тері өңдеу – қазақ мәдениетінің бір бөлігі ретінде, тек өнерлік қана емес, сонымен қатар, әлеуметтік, экономикалық және ғылыми құндылықтарды да көрсетеді.

Зерттеудің мақсаты қазақтың ұлттық киімдері мен қолөнерінің тарихи дамуын, олардың заманауи дизайндағы қолданылуын, сондай-ақ, мәдениет пен дизайнның өзара әрекеттесуін зерттеуді мақсат етеді. Біздің мақсатымыз – ұлттық мәдениеттің өзектілігін және оның заманауи өмірдегі қолданылуын түсіну арқылы, мәдени мұраның сақталуы мен жаңғыруын қолдау.

Міндеттері ретінде қазақтың ұлттық киімдері мен қолөнерінің тарихын, дәстүрлерін

және эволюциясын талдау. Ұлттық мәдениет элементтерінің заманауи дизайнда қалай қолданылып жатқанын зерттеу. Этнодизайндың инновациялық шешімдерін және олардың қоғамдық, мәдени контекстегі рөлін анықтау. Дәстүрлі және заманауи дизайнның өзара әрекеттесуін, оның мәдени, әлеуметтік, экономикалық әсерлерін талқылау. Болашақ зерттеулер үшін ұсыныстар жасау және қазақтың ұлттық киімдері мен қолөнерінің тұрақты дамуына қосқан үлесті зерттеудің маңызын айқындау. Осы зерттеу арқылы біз қазақ халқының мәдени мұрасын жаңа өлшемде түсінуге және оның заманауи дизайн саласындағы рөлін кеңінен түсіндіруге тырысамыз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазақ халқының қолөнері – ұлттық мәдени мұраның ерекше бөлігі болып табылады. Ол ұрпақтан ұрпаққа жеткен бай мәдени қазына ретінде халықтың материалдық және рухани өмірін көрсетеді. Қолөнер туындылары қазақ халқының тарихы мен дәстүрлерін, эстетикалық құндылықтарын және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін ашады. Бұл туындылар арқылы ертедегі қазақ қоғамының тұрмысын, әлеуметтік құрылымын және рухани дүниесін зерттеуге болады.

Зерттеу барысында тарихи талдау, салыстырмалы зерттеу, этнографиялық әдістер, сондай-ақ материалдық мәдениет пен дизайнның қазіргі бағыттарын зерттеу тәсілдері қолданылды. Дереккөз ретінде М.С.Касеновтің «Сарайшық қаласының тарихы» еңбегіндегі қолөнер бұйымдары туралы ақпарат пайдаланылды [1].

Ж.Ж. Мұстафиннің «Ортағасырлық Сарайшық» атты еңбегі арқылы Атырау өңірінің материалдық мәдениет ескерткіштері туралы құнды деректер алынды [2].

Сонымен қатар, Л.Р.Золотарева, М.В.Рева, С.А.Кипшаковтың «Материалдық мәдениет және дизайн тарихы» оқу құралында қолөнер мен дизайнның тарихи дамуына қатысты маңызды ақпараттар келтірілген [3]. Қ.Ералиннің этнодизайн бойынша зерттеулері қолөнер бұйымдарын заманауи дизайнға бейімдеу мәселелерін талдауда маңызды дереккөз болды [4]. Д.Холлдың «Этникалық дизайн» кітабында әртүрлі мәдениеттердің дизайндағы көрінісі талданған [5].

Д.Шоқпарұлының «Қазақ қолөнері» еңбегінде қолөнер бұйымдарының түрлері мен олардың қолданылуы туралы егжей-тегжейлі ақпарат берілген [6].

J. Blomberg және H.Karasti 2012 жылы жарық көрген «Positioning Ethnography within Participatory Design» атты зерттеуі қарастырылды. Авторлар этнографияның дизайн процесіне қалай интеграциялануы мүмкін екенін және бұл әдістің қатысушылардың тәжірибесін, қажеттіліктерін және мәдени контекстін тереңірек түсінуге қалай көмектесетінін көрсетеді [7].

С.Асанова мен А.Птицованың «Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнері тарихы» оқулығында қазақтың дәстүрлі киімдері мен қолөнерінің тарихи дамуы қарастырылған [8].

Н.М.Адамкулов, Б.К.Қыстаубаева, А.С.Жаскиленованың «Заманауи дизайн» атты зерттеуі қолөнердің қазіргі дизайнмен үйлесімділігін талдауға мүмкіндік берді [9].

Бұл зерттеулер қазақ қолөнерінің тарихи дамуы, көркемдік ерекшеліктері және заманауи дизайнмен байланысын ашуға мүмкіндік береді. Қазақ қолөнерінің тарихи кезеңдерін зерттеу үшін тарихи әдіс, әртүрлі аймақтардағы қолөнер элементтерінің ерекшеліктерін анықтау үшін салыстырмалы талдау, қолөнердің мәдени және тұрмыстық рөлін зерделеу үшін этнографиялық әдіс, ал бұйымдардың эстетикалық және функционалдық ерекшеліктерін анықтау үшін көркемдік талдау қолданылды. Бұл әдістер мен материалдар қазақ қолөнерінің тарихи, мәдени және заманауи маңызын кешенді түрде ашуға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Сарайшық – XIII-XVI ғасырларда гүлденген Алтын Орда, Ноғай ордасы, Қазақ хандығының маңызды саяси, әлеуметтік қалаларының бірі ретінде тарих жадында

сақталған. Археологиялық зерттеулер барысында қаладан табылған көптеген жәдігерлер оның Орталық Азиядағы мәдениет пен ғылымды таратушы деңгейде болғанын көрсетеді [1. – 80]. Әсіресе, зергерлік бұйымдар, ою-өрнек элементтері және тұрмыстық заттар қазақ халқының қолөнер дәстүрлері мен эстетикалық талғамының бастауы деп қарастырылса болады. Ж.Ж. Мұстафин «Ортағасырлық Сарайшық» кітабында 1937 жылы Н. Арзютов Сарайшыққа археологтардың экспедициясын бастап барып, бұл қазба жұмыстары кезінде көптеген Қазақстан тарихын зерттеушілер үшін өте бағалы жәдігерлер табылғандарын айтады. Мысалы, қыштан жасалынған сан түрлі көлемдегі ыдыстар, құмыралар, олардың түрлі сынықтары, шыны-фарфордан жасалынған алуан түрлі ыдыстардың сынықтары, қола пышақ-қанжарлар, айналар, ақшалар, темір шегелер, қармақтар, мыстан жасалынған әртүрлі шағын ыдыстар, білезіктер, сырғалар сияқты әсемдік бұйымдар да табылды [2. – 85-88]. Тәуелсіздік жылдарында археологиялық зерттеулер қарқынды жүріп Сарайшық қаласынан көптеген жәдігерлер табылды.

Қазақ халқының ұлттық қолөнері – тек тұрмыстық өмірге қажеттіліктерді қамтамасыз етумен шектелмей, сол халықтың дүниетанымын, жалпы эстетикалық талғамы мен әлеуметтік өмірін көрсететін негізгі ерекше өнер түрінің бірі болып табылады. Көшпелі халықтың өмір салтына бейімделген жалпы қазақ қолөнері функционалдық және сәндік қасиеттерді нақты біріктірген таңғажайып дүние. Сонымен бұл киім-кешектерде, әрі зергерлік бұйымдарда, тіпті кілемдерде және ағаш өңдейтін бұйымдарында толыққанды көрініс тапқан.

Этнодизайн – дәстүрлі мәдени түрлі элементтерді қазіргі замандағы стильдер мен технологияларға толық үйлестіру. Сарайшықтан табылған жалпы ою-өрнек үлгілері, сонымен қатар материалдар мен қолөнер әдістері сол этнодизайнның жаңа бағыттарын ілгері дамытуда шабыт көзі бола алатыны дәлел. Зерттеулер көрсеткендей, осы ұлттық мотивтерді сән индустриясында, интерьер дизайны мен зергерлік өнерде қолдану арқылы дәстүрді сақтаудың заманауи әдіс-тәсілдерінің бірі [5. – 234-240]. Британ елінің журналисті Д.Холл өзінің «Этникалық дизайн» атты кітабында әртүрлі мәдениеттердің мотивтерін түрлі интерьерді декоративті тұрғыда толыққанды байыту үшін қолдану мүмкіндіктерін ерекше талдайды. Автор әлемдік дизайнға негіз болатын, ерекше әсер еткен жалпы саны 14 негізгі тақырыпты бөліп көрсетеді. Жалпы осы мәдениеттердің әрқайсысы өзінің аса көркемдік ерекшеліктері және стильдік ерекше элементтерімен танымал екенін атап көрсетеді.

Д. Холлдың атап өткен мәдениеттер жинағы:

- Ковбойлық мәдениет: Американдық батыс аймақтың қарапайым әрі батыл элементтерін толыққанды қамтиды.
- Байырғы американдықтар: Олардың табиғатпен үйлесімділікті көрсететін ерекше ою-өрнектер және материалдар.
- Мексикалық стиль: Олар қанық түстер мен динамикалық бағыттағы геометриялық өрнектерден құралған.
- Скандинавиялық стиль (Скандинавия): Минимализмге негізделіп жасалған, жеңіл әрі табиғат эстетикасы.
- Кельт мәдениеті: Оларда тарихи кельттік оюлар және спиральды элементтер бар.
- Тироль стиль: Альпі аймағының негізгі жылы әрі қолайлылықты анық көрсететін мотивтер бар.
- Жерорта теңіздік (средиземноморский): Жылы түстері бар палитра және табиғи материалдарды толық қолдану.
- Шығыс Еуропалық: Фольклорлық ою-өрнектер және айқын ашық түстер.
- Солтүстік Африка: Ол экзотикалық өрнектер және этникалық ерекше элементтермен жасалған.
- Тайпалық стиль (Tribal): Олар қарапайым әрі символикалық түрлі өрнектер мен

текстуралардан құралған.

- Алтын жағалаулық (Gold Coast): Африка құрлығының жарқын түстері бар, әшекейлік элементтері.

- Жапон стилі: Азиялық минимализм мен табиғаттың толық үйлесімділігі.

- Үнді стилі: Қанық түсті реңктер мен күрделі өрнектері.

- Азиялық стиль: Айқын символика және дәстүрлі нақыштар бар [6. –110].

Д.Холлдың тізіміне көшпелі «nomad» халықтар мәдениетін он бесінші мәдениет ретінде қосу өте маңызды және негізді шешім болар еді, өйткені көшпелілер мәдениетінің әлемдік тарих пен мәдениетке қосқан үлесі зор, оны ескермеу мүмкін емес. Көшпелі халықтар, мысалы, түріктер, моңғолдар, қыпшақтар, сақтар және басқа да этностар, Еуразия кеңістігіндегі тарихи процестерге үлкен әсер етіп, олардың құрған империялары, соның ішінде Моңғол империясы мен Түрік қағанаты, әлемдік саясат пен мәдениеттің дамуына зор ықпал жасады. Көшпелілердің өмір салты, дәстүрлері, өнері, әдебиеті, музыкасы және киімдері өзге мәдениеттерден айтарлықтай ерекшеленіп, олардың мәдениеті табиғатпен үндестікте болуға, қарапайымдылыққа және функционалдылыққа негізделген. Сонымен қатар, көшпелілер табиғатпен үйлесімді өмір сүрудің бірегей үлгісін қалыптастырып, олардың экологиялық тәжірибесі қазіргі заманның тұрақты даму мәселелеріне тиімді шешімдер ұсынуы мүмкін. Көшпелілердің дәстүрлері мен тәжірибесі басқа мәдениеттерге үлкен ықпал етіп, олардың әскери стратегиялары, өнері, музыкасы және тамақ дайындау әдістері басқа халықтарға еніп, әлемдік мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналған. Қазіргі қоғамда көшпелі мәдениеттің элементтері, соның ішінде минимализм, табиғатпен байланыс және тұрақтылық, өзектілігін жоғалтпағандықтан, олардың тәжірибесі қазіргі заманның экологиялық, әлеуметтік және мәдени мәселелерін шешуге көмектесе алады. Дина Холлдың тізімі әртүрлі мәдениеттерді қамтуы тиіс болғандықтан, көшпелілер мәдениеті осы әртүрлілікті толықтырып, оның бірегейлігін айқын көрсетеді. Көшпелілер мәдениетінің тарихи тереңдігі, табиғатпен үйлесімділігі және әлемдік мәдениетке қосқан үлесі оны Дина Холлдың тізіміне он бесінші мәдениет ретінде қосуға негізді дәлелдер болып табылады, сондықтан көшпелілер мәдениетінің ерекшелігі мен әлемдік маңыздылығын ескере отырып, оны аталған тізімге енгізу аса қажет, өйткені бұл мәдениеттің өзіндік ерекшелігі мен әлемдік мәдениетке қосқан үлесі оны тізімдегі басқа мәдениеттермен бірдей деңгейде маңызды етеді.

Қолөнердің ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы маңызы ерекше. Сонымен қатар, кілем тоқу, зергерлік бұйымдар жасау және ағаш ою сияқты қолөнер түрлерінің ерекшеліктері кең таралған. Шеберлердің тәжірибесі мен ұрпақтан-ұрпаққа берілетін қолөнер дәстүрлерінің сақталуы қазіргі заманда өте маңызды. Қазақ халқының материалдық мәдениетін қайта жанғырту үшін дереккөздерге сүйену аса қажет [10].

Сарайшық мотивтері тек тарихи мұра ретінде ғана емес, сонымен қатар, ұлттық бірегейлікті нығайту құралы ретінде маңызды. Заманауи технологиялар – 3D модельдеу, лазерлік кесу, сандық текстиль басу – ұлттық элементтерді қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді [8. -73-79]. Бұл үрдіс мәдени мұраны сақтай отырып, оны жаңа контексте бейімдеуге мүмкіндік береді. Жасалған және қайта қалпына келтіру жұмыстарына келетін болсақ осы Сарайшық қаласынан табылған күйдірілген кірпіштен жасалған керамикалық ыдыстардағы ою-өрнектерді қайта қалпына келтіріп, жаңа стильде қайта жасалды. Сарайшық қаласынан табылған жәдігерлердегі көркем бейнелердің өзіндік ерекшелігі бар, бұның өзі сол замандағы адамдардың эстетикалық талғамы мен әлем жөніндегі өзіндік ойын көрінісін көруге болады.

Бұл топтама – қазақ даласының ежелгі мәдени мұрасын қайта жаңғыртудың бірегей үлгісі. Сарайшық қаласы, Алтын Орда дәуірінде ірі сауда және мәдениет орталығы болған, қыш өндірісінің жоғары деңгейімен ерекшеленген. Осы топтамада сол замандағы қыш

бұйымдарының үздік үлгілері заманауи технологиялар мен дәстүрлі әдістер үйлесімінде қайта жасалған. Бұйымдар ортағасырлық Сарайшық қышының әшекей және өрнек үлгілерін дәл сақтай отырып, ежелгі стильде жасалған. Жасыл түсті қыш ыдыс және таба бұйымдары стилизацияланған жануарлар, құстар мен өсімдік тәріздес жасыл, сары, көк, қоңыр, қара түсті ою-өрнектермен боялған. Қыш материалды бұйымдардың диаметрі 10 см, биіктігі 3 см құрайды. Жасыл түсті қыш бұйымының ені 10 см, биіктігі 8 см құрайды. Бұйымдар табиғи саз балшықтан жасалған. Түсті минералдар ұнтағымен боялған. Муфель пешінде күйдірілген. Сувенир бұйымдар экологиялық таза болып табылады. Топтамадағы бұйымдар тарихи ортағасырлық стильдегі мейрамханалар, дәмханалардың интерьерін әсемдеу үшін және сувенир ретінде сыйлыққа тарту үшін арналған (сурет 1).



Сурет 1 – Қыш ыдыс.

Ескерту: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетішілік жоба аясындағы жұмыстар нәтижесі

Ортағасырлық этно-дизайнның қайта қолданудың бір үлгісі ретінде қоржындар, сөмкелер, киімдер беттеріне Сарайшық қаласынан табылған өрнектерді қайта басып заманауи трендке айналдыру. Қазақ халқының киімдеріндегі ою-өрнектер тек қана әшекей емес, сонымен қатар терең мағыналы және тарихи-мәдени мәнге ие. Ою-өрнектердің әрбір түрі белгілі бір символдық мағынаны білдіреді және олар тұрмыстық, діни, рухани немесе табиғи құбылыстармен байланысты болуы мүмкін. Мысалы, өсімдіктер мен жануарлар бейнелері табиғатпен үндестікті, ал геометриялық фигуралар теңдік, үйлесім және шексіздік сияқты түсініктерді білдіреді [9. – 98-99]. Қазіргі таңда жастар арасында жаңа бағытта өз тарихын қайта ашу басты назарда болып отыр. Осы қалып тасып келе жатқан тенденцияны пайдаланып біз өлкемізден табылған жәдігерлерді заман талабына сай етіп қайта жасадық.

Қоржын мақпал, габардин матасы және синтетика аралас жүн талшықтарынан тігілген, материалдары Түркия мен Қытайдан шығарылған. Қоржынның негізгі бөлігі екі түрлі матадан жасалып, ортасына жүн талшықтары салынған, үстінен сырып тігу әдісі қолданылған. Қалталары құрақпен құралған және өрнектермен кестеленген. Өрнектері гүл пішінді және маралмандай өрнегіне ұқсас ирек телген өрнектермен кестеленген. Бұл өрнектер әшекейлік қыш тақтайша мен табақшадан алынған (сурет 2).



Сурет 2 – Қоржын

Ескерту: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетішілік жоба жұмысы

Кәжекей мақпал және зерлі жібек матасынан тігілген, алдыңғы бойында сары алтын түстес зерлі жібек матасынан кестеленіп өрнек салынған. Өрнек күйдірілген ыдыстың сынығындағы ою-өрнектердің бөлшектерінен алынған. 2-ші суретте көрсетілгендей қол дорбалар дақ матасынан тігілген және иыққа асылатын екі бауы бар үлкен қалта тәріздес пішінде жасалған. Бұл дорбалардың бетінде түрлі жануарлар, балықтар мен өсімдік тектес өрнектер ДТФ принтермен басылып шығарылған. Өрнектер керамика ыдыстарынан, тостағандар мен құмыралардан алынған. Әмияндар таза былғарыдан жасалып, карталар мен купюралар салуға арналған. Олардың сыртына лазермен өрнектер күйдіріліп, әр түрлі керамика ыдыстарынан алынған өрнектер салынған. Футболкалар синтетикалық талшықтар мен мақта аралас матадан тігілген, алдыңғы бетінде сублимация тәсілімен құс, өсімдік бейнесіндегі өрнектер бастырылған. Бұл өрнектер керамика ыдыстарынан алынған. Магниттер таза былғары мен ағаштан жасалып, лазер аппаратымен әр түрлі пішінде кесіліп, үстіне өрнектер салынған. Өрнектер керамика ыдыстарынан алынған.

Қорытынды

Қорытындылай келе қазақ даласынан табылған құнды мәдени мұра жәдігерлері ерекше маңызды. Қазақ халқының тарихының заман қойнауларынан бүгінгі күнге дейін өз халқы үшін қайта қызымет ете алатынын көре аламыз. Ежелден келе жатқан мәдениет пен ділдің 300 жыл бодан болып үзілгенімен, жастар өз бірегейлігін іздеп өз тарихын қайта жаңдандыру үстінде. Біздің жоба тарих беттерінен ұмыт болған қазақ халқының өзіндік этно-дизайнның қайта жаңдандырып, заман талабына сай ету. Көшпелі мемлекеттің өзіндік брендин қалыптастыру болып табылады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің университетішілік жобаларды қаржыландыру аясында ИРН 0124РКИ0179 «Заманауи этнодизайн негізінде ортағасырлық Сарайшық қаласының қолөнер бұйымдарын қайта жаңғырту» жобасы бойынша дайындалған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Қасенов М.С. Сарайшық қаласының тарихы. — Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы АМУ баспасы, – 2007. – 80 б.
- 2 Мұстафин Ж.Ж. Ортағасырлық Сарайшық. — Атырау: «Ағатай» баспасы, – 2015. – Б.85-88.
- 3 Золотарева Л.Р., Рева М.В., Кипшаков С.А. История материальной культуры и дизайна: Учеб. пособие. — Караганда: Изд-во КарГУ, – 2014. – С.124-130.
- 4 Адамкулов Н.М., Кыстаубаева Б.К., Жаскиленова А.С. Заманауи дизайн.: / Оқу-әдістемелік құрал.

— Алматы: Эпиграф, – 2020. – Б.54-57.

5 Ералин Қ. Қазақстандық этнодизайнерлер // Жаңа қоғамдық формациядағы білім берудің көкейкесті мәселелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Түркістан. – 2016. - Б.234-240.

6 Hall D. Ethnic by Design. London, Mitchell Beazley, — 2002. – 110 p.

7 Blomberg J., Karasti H. (2012) Positioning Ethnography within Participatory Design. Routledge international handbook of participatory design. London: Routledge. P. 86–116.

8 Blomberg J., Karasti H. (2012) Positioning Ethnography within Participatory Design. Routledge international handbook of participatory design. London: Routledge. P. 73–79.

9 Асанова С.Ж., Птицина А.П. Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнері тарихы: Оқулық, 2-басылым. – Астана: Фолиант, – 2011. – Б.98 – 99.

10 Шокпарұлы Д. Қазақ қолөнері. – Алматы, 2005. – Б.100-103.

РАБОТЫ ПО ВОЗРОЖДЕНИЮ МОТИВОВ АРТЕФАКТОВ, НАЙДЕННЫХ В СРЕДНЕВЕКОВОМ ГОРОДЕ САРАЙШЫК

Аннотация

Статья описывает о работах по возрождению средневековых сарайшыкских изделий, возрождению истории казахского народа, орнаментов на памятниках культурного наследия в новом мотиве. Модернизация исторических ремесел с помощью современного этно-дизайна была в определенной степени отражена в трудах ученых. В статье описываются мероприятия, направленные на воссоздание артефактов и изделий, обнаруженных в ходе археологических раскопок в средневековом городе государства Золотая Орда - городе Сарайшыке.

Цель статьи-изучение исторического развития казахской национальной одежды и ремесел, их применения в современном дизайне, а также взаимодействия культуры и дизайна. Статья включает в себя вопросы научного изучения, модернизации, реконструкции объектов историко-культурного наследия и обеспечения их сохранности как средства отождествления настоящего с прошлым, преемственности накопленного художественного опыта народного искусства. Возрождение ремесел и мотивов - духовная пища народа, зеркало его жизненного существования. Ремесла характеризуют прошлое и современное развитие народа. При сохранении нравственных идеалов национальной культуры как особого вида народного искусства, накоплен уникальный опыт коллективного и индивидуального художественного творчества, ручного и механизированного производства.

Проанализированы труды, посвященные истории края, в том числе исследования города Сарайшык. Исследуются возможности создания новых изделий с национальным колоритом в сочетании средневековых ремесленных традиций и современных технологий. Статья подготовлена на материалах сборников и документов последних лет и написана на основе проектного и монографического исследования.

Ключевые слова: Этнодизайн, Сарайшык, ремесла, возрождение, Золотая Орда, культура, искусство

RECONSTRUCTION OF ARTIFACTS FOUND IN THE MEDIEVAL CITY OF SARAYSHYK

Abstract

The article describes the work on the revival of medieval Saraishyk products. The revival of the history of the Kazakh people, the revival of ornaments on monuments of cultural heritage in a new motif. The modernization of historical crafts with the help of modern ethno-design has been reflected to a certain extent by scientists in their works. The article describes the activities aimed at recreating artifacts and products discovered during archaeological excavations in the medieval city of the Golden Horde, the city of Saraishyk.

The purpose of the article is to study the historical development of Kazakh national clothing and crafts, their application in modern design, as well as the interaction of culture and design. The revival of crafts and motifs is the spiritual food of the people, a mirror of their life existence. Crafts characterize the past and modern development of the people. Having preserved the moral ideals of national culture as a special kind of folk art, a unique experience of collective and individual artistic creation, and manual and mechanized production has been accumulated.

The works devoted to the history of the region, including studies of the city of Saraishyk, are analyzed. The possibilities of creating new products of national color in a combination of medieval craft traditions and modern technologies are being explored. The article, written on the basis of a new approach, uses monographic studies of recent years, and collections of documents.

Keywords: Ethnodesign, Saraishyk, crafts, renaissance, Golden Horde, culture, art

REFERENCES

- 1 Qasenov M.S. Saraişyq qalasynyñ tarihy[*History of the city of sarayshyk*]. – Atyrau: Kh.Dosmūhamedov atyndaǵy AMU baspasy, 2007. 80 p [in Kazakh]
- 2 Mūstafin J.J. Ortaǵasyrlyq Saraişyk [*Medieval sarayshyk*] Atyrau: «Aǵatai» baspasy, 2015. P.85-88 [in Kazakh]
- 3 Zolotareva L.R., Reva M.V., Kipşakov S.A. Istoria materialnoi kultury i dizaina:[*The history of material culture and design*] Ucheb. posobie. — Karaganda: İzd-vo KarGU, 2014. P.124 —130 [in Russian]
- 4 Adamkulov N.M., Kystaubaeva B.K., Jaskilenova A.S. Zamanauı dizain:[*Modern design*] / Oqu-ädistemelik qūral. - Almaty: Epigraf, 2020. - P.54 — 57 [in Kazakh]
- 5 Eralin Q. Qazaqstandyq etnodizainerler // Jaña qoǵamdyq formasiadaǵy bilim berudiñ kōkeikesti māselerleri. [*Kazakhstan ethnodesigners // current problems of education in a new social formation*] Halyqaralyq ğylymi-praktikalıyq konferensia materialdary. – Türkistan, 2016. P.234-240 [in Kazakh]
- 6 Hall D. Ethnic by Design. London [*Ethnic by Design*] Mitchell Beazley, 2002. 110 p. [in English]
- 7 Blomberg J., Karasti H. Positioning Ethnography within Participatory Design. Routledge international handbook of participatory design.[*Positioning Ethnography within Participatory Design.*] London: Routledge, 2012, P. 86–116 [in English]Şoqparūly D. Qazaq qolōneri.[*Kazakh crafts*] – Almaty, 2005. - P.100-103. [in Kazakh]
- 8 Blomberg J., Karasti H. Positioning Ethnography within Participatory Design. Routledge international handbook of participatory design.[*Positioning Ethnography within Participatory Design.*] London: Routledge, 2012, P. 86–116 [in English]
- 9 Asanova S.J., Ptisina A.P. Qazaqtyñ ūlttyq kiuimderi jāne qolōneri tarihy:[*History of Kazakh national costumes and crafts*] Oqulyq, 2-basylym. - Astana: Foliant., P.98-99 [in Kazakh]
- 10 Şoqparūly D. Qazaq qolōneri.[*Kazakh crafts*] – Almaty, 2005. - P.100-103 [in Kazakh]

Information about authors:

Dinara Khamidullina – **corresponding author**, PhD, associate professor, Department of “Kazakhstan and world history”, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: d.khamidullina@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6180-5062>

Gadilbek Alzhanov – master of art history, Kh. Dosmukhamedov Atyrau university, Atyrau, Kazakhstan.

E-mail: alzhanov82@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-9552-5181>

Yerkebulan Nassipullayev – master of art history, Kh. Dosmukhamedov Atyrau university, Atyrau, Kazakhstan.

E-mail: erko_9292@bk.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-2361-2431>

Elmira Makhmetova – Master's student, Kh. Dosmukhamedov Atyrau university, Atyrau, Kazakhstan.

E-mail: erko_9292@bk.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-1243-9246>

Информация об авторе:

Динара Хамидуллина – **основной автор**, PhD, ассоциированный профессор, кафедра «История Казахстана и всемирная история», Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: d.khamidullina@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6180-5062>

Гадильбек Алжанов – магистр истории искусств, Атырауский университет им. Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан.

E-mail: alzhanov82@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-9552-5181>

Еркебулан Насипуллаев – магистр истории искусств, Атырауский университет имени Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан.

E-mail: erko_9292@bk.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-2361-2431>

Эльмира Махметова – магистрант, Атырауский университет имени Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан.

E-mail: e.mahmetova@asu-edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-1243-9246>

Авторлар туралы ақпарат:

Динара Хамидуллина – **негізгі автор**, PhD, қауымдастырылған профессор, «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: d.khamidullina@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6180-5062>

Ғаділбек Әлжанов-өнертану магистрі, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан.

E-mail: alzhanov82@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-9552-5181>

Еркебұлан Насипуллаев – өнер тарихы магистрі, Х. Досмұхамедов Атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан.

E-mail: erko_9292@bk.ru

ORCID: <https://orcid.org/0006-2361-2431>

Эльмира Махметова – магистрант, Х. Досмұхамедов Атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан.

E-mail: e.mahmetova@asu-edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-1243-9246>